

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ ДАМУ АГЕНТТІГІ

ҚАДАҒАЛАУ САЯСАТЫНЫҢ ЖӘНЕ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР
НАРЫҒЫН ДАМУДЫҢ 2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН
НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРЫ

2025 ЖЫЛ

Мазмұны

КІРІСПЕ	3
1 ҚАЗАҚСТАН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ ҚОРЫТЫНДЫСЫ	5
1.1 Бағалы қағаздар нарығына әсер ететін негізгі макроэкономикалық факторлар мен үрдістер	5
1.2 Бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің ағымдағы көрсеткіштері	6
2 2024 ЖЫЛЫ ҚАДАҒАЛАУ ПРОЦЕСТЕРІН ІСКЕ АСЫРУ	8
2.1 Бағалы қағаздар нарығында іс-қимылды қадағалауды дамыту	8
2.2 Зейнетақы активтерін басқарушылар бойынша ағымдағы қадағалау құралдарын жетілдіру	9
2.3 Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар бойынша ағымдағы қадағалау құралдарын жетілдіру	10
2.4 Бағалы қағаздар нарығында қолданыстағы заңнаманы оңтайландыру: бағалы қағаздар нарығында уәжді пайымдауды қолдану мәселелерін кеңейту	13
2.5 Бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымын дамыту	13
2.6 Бағалы қағаздар нарығын дамыту	14
2.7 Халықаралық ынтымақтастық	17
3 2025 ЖЫЛЫ БАСЫМ ҚАДАҒАЛАУ ҚҰРАЛДАРЫН ДАМУ	17

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) қадағалау процесінің тиімділігін, қаржы реттеушісі іс-әрекеттерінің ашықтығы мен болжамдылығын қамтамасыз ету мақсатында бағалы қағаздар нарығын қадағалау саясатының негізгі басымдықтарын айқындайды, нарыққа кәсіби қатысушылармен және Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығымен бірлесіп талқылайды және жариялайды.

2025 жылы Агенттік 2024 жылды қорытындылай келе, Агенттіктің қадағалау ресурстарын шоғырландырудың негізгі бағыттарын және 2025 жылы бағалы қағаздар нарығын дамыту бағыттарын ұсына отырып, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылармен диалог құру тәжірибесін жалғастырды.

Ағымдағы жылы тәуекелге бағдарланған қадағалау шеңберінде Агенттік тәуекелдерді бағалау Risk Assessment and Supervision System (RASS) және бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларды қадағалап стресс-тестілеу, 2025 жылы инспекциялық тексеруге жататын субъектілер тізбесін айқындау, сондай-ақ Орталық депозитарийдің операциялық тәуекелдерін мониторингтеу бойынша жұмысты жалғастырады.

Реттеу шараларын жетілдіру шеңберінде Агенттік бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың ақпараттық қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды күшейту және халықаралық тәжірибені ескере отырып олардың тәуекелдерді басқару жүйелерін қайта қарау жөніндегі мәселелерді пысықтайтын болады.

Сонымен қатар Агенттік «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – KASE), «KASE клирингтік орталығы» АҚ (бұдан әрі – Клирингтік орталық) және «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) инфрақұрылымдық алаңдарын дамыту бойынша жұмысты жалғастырады. Атап айтқанда, жаһандық кастодиан функцияларын жүзеге асыруға өкілеттік беру арқылы Орталық депозитарийдің функционалын кеңейту, Орталық контрагентті Орталық Азия елдері үшін есеп айырысу-клирингтік құрылым ретінде пайдалану. Маркет-мейкер және андеррайтер қызметтерін дамыту бойынша шаралар әзірлеу жоспарлануда.

Бағалы қағаздарды ішкі орналастыру үлесін ұлғайтуға, экономиканың жеке секторы компанияларының IPO-ға шығуын ынталандыруға және маркет-мейкер мен андеррайтер қызметтерін дамыту шараларын әзірлеуге елеулі назар аударылатын болады.

Заңнамалық бастамалар ретінде 2025 жылы Агенттік «Кредиттік рейтингтік агенттіктер туралы» және «Инвестициялық қорлар туралы» заңдардың жобаларын Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізуді жоспарлап отыр. Клирингтік қызметті одан әрі дамыту және институционалдық инвесторлардың жаңа класын – эндаумент-қорларды құру бойынша бастамалар жоспарланған.

Осы құжатта 2024 жылы бағалы қағаздар нарығының қадағалау саясатының басымдықтарын іске асыру қорытындылары және 2025 жылға арналған жоспарлар баяндалған.

1. ҚАЗАҚСТАН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

1.1 Бағалы қағаздар нарығына әсер ететін негізгі макроэкономикалық факторлар мен үрдістер

2024 жылы геосаяси факторларға байланысты орын алып отырған белгісіздікке қарамастан, Қазақстандағы экономикалық жағдай негізінен оң болып қалуда. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қабылдаған дағдарысқа қарсы шаралардың арқасында жылдық инфляция 2023 жылғы 9,8%-дан 2024 жылы¹ 8,6%-ға дейін баяулады. 2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте Қазақстанның ЖІӨ өсімі 4,1%-ды² құрады.

Осы оң үрдістер аясында бағалы қағаздар нарығы 2024 жылы негізгі көрсеткіштердің өсуімен айқындалады. Акциялар нарығын капиталдандыру 2024 жылы 33 трлн теңгеге дейін 23%-ға немесе 6 трлн теңгеге ұлғайды. Бұған акциялардың 15 шығарылымын тіркеу және KASE Индексінің өкілдік тізіміне кіретін: «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Кселл» АҚ және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акциялары бағасының өсуі ықпал етті. Бұл ретте 01.01.2025 жылға арналған KASE Индексінің мәні 2024 жылдың басынан бастап 33,2%-ға ұлғайып, 5 578,10 тармақты құрады.

2024 жылы айналыста (KASE-де) корпоративтік борыштың 1,6%-ға немесе 0,2 трлн теңгеге 13,7 трлн теңгеге дейін, сондай-ақ мемлекеттік борыштың: 13,2%-ға немесе 3,2 трлн теңгеге 27,0 трлн теңгеге дейін өсуі байқалады. Борыштық қаржыландыру көлемінің ұлғаюына облигациялар шығарылымы санының 222 шығарылымға жетіп, 2023 жылмен салыстырғанда 48%-ға өсуі, жиынтық көлемде 58%-ға ұлғайып, 6 трлн теңгеге жетуі де ықпал етті. Ішкі қор нарығындағы (KASE) корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздарға банктер (тиісінше 22,5% және 46,6%), брокерлік-дилерлік ұйымдар (тиісінше 4,2% және 2,4%), басқа институционалдық инвесторлар (тиісінше 7,5% және 12,2%), өзге де заңды тұлғалар (тиісінше 51,2% және 37,6%) және жеке тұлғалар (тиісінше 14,5% және 1,2%) инвесторлар болып табылады. Бейрезиденттердің қатысуы тиісінше 11,6% және 7,8%-ға бағаланады.

2024 жыл Қазақстанның бағалы қағаздар нарығының жаһандық капитал нарықтарының экожүйесіне ықпалдастырылуымен де сипатталады. KASE және AIX Tabadul Hub (Абу-Даби) цифрлық биржалық хабқа қосылды. Бұл қазақстандық инвесторлардың хабқа қатысушылардың нарықтарына, ал шетелдік инвесторлардың қазақстандық нарыққа тікелей (шетелдік контрагенттің қатысуынсыз) кіру мүмкіндіктерін кеңейтті.

Есепті кезеңде ұжымдық инвестициялар нарығының өсуі байқалады. 2024 жылы инвестициялық қорлардың саны негізінен жабық инвестициялық

¹ <https://stat.gov.kz/ru/industries/economy/prices/publications/280679/>

² <https://stat.gov.kz/>

пай қорларының есебінен 6 бірлікке өсіп, 01.01.2025ж. жағдай бойынша 16 акционерлік және 58 инвестициялық пай қорын құрады, оның 24-і аралық, 33-і жабық және 1-уі ашық. Пай ұстаушылар саны бір жылда 94 жеке тұлғаға және 3 заңды тұлғаға ұлғайып, 11 357 жеке тұлғаны және 117 заңды тұлғаны құрады.

Барлық қорлар активтерінің жиынтық көлемі 2024 жылы 1,7%-ға ұлғайып, 402 млрд теңгені құрады. Жиынтық активтердің негізгі үлесі (88%) бағалы қағаздар портфеліне, оның 63%-ы Қазақстан Республикасы резидент-эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына, 15%-ы бейрезидент-эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына инвестицияланды.

Жеке басқарушылардың басқаруындағы зейнетақы активтерінің көлемі негізінен жаңа салымшылардың жарналары есебінен 143%-ға ұлғайып, 01.01.2025ж. жағдай бойынша 65,2 млрд теңгені құрады. Зейнетақы активтері АҚШ-тың қазынашылық облигациялары мен инвестициялық қорларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы квазимемлекеттік секторының ұйымдарына инвестицияланды. Жеке басқарушылардың сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерінің кірістілігі 2024 жылы инфляция көрсеткіштерінен (8,6%³) асып, оның ішінде шетел валютасын қайта бағалау есебінен 15% - 18%-ды құрады.

1.2 Бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің ағымдағы көрсеткіштері

01.01.2025ж. жағдай бойынша Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында 40 брокер және (немесе) дилер (16 банк және 24 банктік емес ұйым), 11 кастодиан-банк, 21 инвестициялық портфельді басқарушы, 3 трансфер-агент, сондай-ақ 3 инфрақұрылымдық ұйым: KASE, Клирингтік орталық және Орталық депозитарий бар. Бұл ретте 2024 жылы брокерлердің және (немесе) дилерлер-банктік емес ұйымдардың саны бір бірлікке ұлғайды.

01.01.2025ж. жағдай бойынша банктерді есептемегенде брокерлердің және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың жиынтық активтері 769,5 млрд теңгені құрап, бір жылда 9%-ға ұлғайды. Бұл ретте жиынтық активтердің негізгі үлесін (61%) 39%-ы ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарынан, 19%-ы ҚР мемлекеттік бағалы қағаздарынан және 4%-ы шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарынан тұратын 468,7 млрд теңге мөлшеріндегі бағалы қағаздар портфелі құрайды.

Брокерлердің және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың жиынтық активтерінің көлеміндегі (27%) маңыздылығы бойынша келесі құрамдас бөлігі басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар және реттелген борыш болып табылады.

³ <https://stat.gov.kz/ru/industries/economy/prices/publications/280679/>

01.01.2025ж. жағдай бойынша брокерлер және (немесе) дилерлер мен инвестициялық портфельді басқарушылар міндеттемелерінің жиынтық көлемі негізінен РЕПО операцияларының қысқаруына байланысты бір жыл ішінде 0,4%-ға азайып, 241,1 млрд теңгені құрады.

Брокерлердің және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың меншікті капиталы бір жылда бөлінбеген пайданың 32%-ға және жарғылық капиталдың 7%-ға өсуі есебінен 14%-ға ұлғайып, 528,3 млрд теңгені құрады. Бұл ретте таза пайда шетел валютасын және қаржы құралдарының әділ құнын, сондай-ақ комиссиялық сыйақыларды қайта бағалаудан түсетін кірістердің өсуі нәтижесінде бір жылда 106%-ға ұлғайып, 57,7 млрд теңгені құрады.

Қадағалау қызметінің қорытындысы бойынша 2024 жылы әкімшілік құқық бұзушылық туралы 455 хаттама жасалып, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін жалпы сомасы 121 млн теңгеге айыппұл салынды:

10 инспекциялық, оның ішінде 2 жоспардан тыс тексеру нәтижесі бойынша бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына және екінші деңгейдегі банктерге қатысты (2 тексеру) олардың бағалы қағаздар нарығындағы қызметі бөлігінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы 306 хаттама жасалып, 80,5 млн теңге сомасына айыппұл салынды;

бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына қатысты 60 құжаттамалық тексерудің нәтижесі бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы 2 хаттама жасалды;

қашықтан қадағалау нәтижесі бойынша бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы 25 хаттама жасалып, 10,8 млн теңге сомасына айыппұл салынды;

мониторинг нәтижелері бойынша бағалы қағаздар эмитенттеріне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы 43 хаттама жасалып, 9 млн теңге сомасына айыппұл салынды;

Бағалы қағаздар нарығы субъектісінің және өзге де тұлғалардың айла-шарғы жасау мақсатында жасалған іс-әрекеттерін тану мәселелерін қарау жөніндегі сараптама комитетінің қорытындысы негізінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы 79 хаттама жасалды: 22 хаттамаға сәйкес 20,7 млн теңге сомасына айыппұл салынды және 57 хаттама соттың қарауында жатыр. Осы сараптама комитеті 2024 жылы KASE-де жасалған, айла-шарғы жасау белгілері бар күдікті мәмілелер бойынша барлығы 11 кейсті қарады.

Бұдан басқа, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына қатысты 50 қадағалап ден қою шарасы, бағалы қағаздар эмитенттеріне қатысты 187 шектеулі ықпал ету шаралары қолданылды. Оларды қолдануға уәкілетті органға дұрыс емес мәліметтер беру, уәкілетті органға ақпаратты

ұсынбау немесе уақтылы ұсынбау, брокерлік қызметті жүзеге асыру тәртібін, номиналды ұстау функцияларын тиісінше орындау талаптарын, биржаның ішкі құжаттарының эмитенттің өз қызметі туралы ақпаратты жария етуі жөніндегі, орталық депозитарийдің ақпаратты жария етуі жөніндегі белгіленген талаптарға сәйкестігін, лицензиаттың басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптарды, тіл туралы, ақпаратқа қол жеткізу және тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңдардың талаптарын, сондай-ақ Әлеуметтік кодекстің 220-бабы 3-тармағының талаптарын бұзу негіз болды.

2 2024 ЖЫЛЫ ҚАДАҒАЛАУ ПРОЦЕСТЕРІН ІСКЕ АСЫРУ

2.1 Бағалы қағаздар нарығында іс-қимылды қадағалауды дамыту

Іс-қимылды қадағалау Агенттіктің бағалы қағаздар нарығындағы ашықтық пен тұрақтылықты қамтамасыз ету және қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау үшін реттеушілік құралдардың бірі болып табылады. Осы құралдарды одан әрі жетілдіру шеңберінде 2024 жылы реактивті және алдын алу сипатындағы бірқатар іс-шаралар өткізілді.

Қаржы құралдарының тізбесі

Агенттік білікті инвесторлардың қаражаты есебінен ғана сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін қайта қарады. Оған туынды бағалы қағаздар және өзге де туынды қаржы құралдары, сондай-ақ шығарылымының шарттарында олардың бөлшек инвесторларға арналмағаны көзделген қаржы құралдары кірді.

Бұл өзгерістер біліктілігі жоқ инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, сондай-ақ халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған. Біліктілігі жоқ инвесторлар жоғарыда аталған қаржы құралдарын біліктілігі бар инвестор мәртебесін алу не инвестициялаудың бар тәуекелдері туралы брокердің хабарламасымен танысу және қол қою жолымен белгілі бір қаржы құралымен байланысты тәуекелдерді түсінуді қамтамасыз еткеннен кейін сатып ала алады.

Іс-қимылды талдау бойынша қадағалау рәсімдері және бағалы қағаздар нарығындағы омбудсман

Алдын алу қадағалау шаралары шеңберінде бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың тәуекелдерін бағалау жүйесіне Risk Assessment and Supervision System (RASS) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың

іс-қимыл тәуекел-бейінін айқындаудың қосымша өлшемшарттары енгізілді және Агенттіктің ішкі нормативтік құжатына тиісті өзгерістер енгізілді. Бұл өлшемшарт клиенттердің шағымдарының санын және бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың клиенттік базасының көлемін есепке алуға негізделген.

Өз кезегінде, халықаралық тәжірибе көрсеткендей, омбудсман институты тұтынушы мен қаржылық қызметтерді жеткізуші арасындағы ресурстар мен тәжірибенің ықтимал теңгерімсіздігін жоюдың маңызды балама тетігі болып табылады. Қаржы омбудсманы тұтынушылардың шағымдарын келіссөздер, делдалдық, татуласу, тергеп-тексеру және қажет болған жағдайда ұсыныстар/шешімдер беру арқылы шешеді.

Омбудсман институтының бағалы қағаздар нарығында болмауын назарға ала отырып, Агенттік оны банк және сақтандыру секторлары, бағалы қағаздар нарығы және өзге қаржы ұйымдары нарығы үшін бірыңғай қаржы омбудсманы шеңберінде енгізу мәселесін пысықтауда.

Шетелдік брокерлік ұйымдардың базасы

2024 жылы Агенттік резиденттердің қаражатын жүйелі түрде алатын шетелдік брокерлік ұйымдардың базасын тұрақты өзектендіру бойынша жұмысты жалғастырды. Бұл база Агенттіктің шетелдік брокерлердің Қазақстан резиденттеріне қызмет көрсету және резиденттердің құқықтарын шетелдік брокерлердің жосықсыз әрекеттерінен қорғау мәселесін зерделеу жөніндегі бастамасы шеңберінде жүргізіледі.

2.2 Зейнетақы активтерін басқарушылар бойынша ағымдағы қадағалау құралдарын жетілдіру

01.01.2025 жылғы жағдай бойынша қазақстандықтардың зейнетақы активтерінің едәуір бөлігі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруында және тек 0,3%-ға жуығы инвестициялық портфельді басқарушылардың сенімгерлік басқаруында. 2024 жылы зейнетақы активтерін сенімгерлік басқарудың жеке нарығын дамыту мақсатында Агенттік Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен бірлесіп, бенчмарктің нарықтық көрсеткіштеріне негізделген және 2025 жылы енгізуге жоспарланған зейнетақы активтерін басқарудың жаңа тәсілін әзірледі.

Зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі деңгейі

Зейнетақы активтерін басқарудың жаңа тәсілі инвестициялық портфельді басқарушылардың инвестициялық қызметінің тиімділігінің көрсеткіші болып табылатын зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі деңгейін есептеуді қайта қарауды көздейді: барлық инвестициялық портфельді басқарушылар бойынша орташа өлшенген шамадан зейнетақы активтері инвестициялық портфелінің әрбір түрі үшін композиттік индекс кірістілігіне

көшу. Композиттік индекс қазақстандық және жаһандық қор нарықтарының индексдерін қамтиды, бұл зейнетақы активтерін инвестициялау үшін мүмкіндіктерді кеңейтеді және халықаралық активтерді басқарушыларға бағытталған стратегияларды қолдануға мүмкіндік береді.

Жаңа тәсіл аясында инвестициялық портфельді басқарушылар композиттік индексдерге кіретін құралдарды біріктіре отырып, өздерінің инвестициялық стратегияларын жасай алады. Бұл салымшыларға әр түрлі инвестициялық портфельді басқарушылардың зейнетақы активтерін инвестициялаудың әртүрлі стратегияларын таңдауға мүмкіндік береді, олардың әрқайсысында белгілі бір тәуекел деңгейі, кірістілік және инвестициялау мерзімі болады.

Қаржы құралдарының тізбесі және инвестициялау лимиттері

Жаңа тәсіл шеңберінде көзделетін және әртүрлі жаһандық индексдерді, сондай-ақ қазақстандық акциялар мен мемлекеттік бағалы қағаздар индексдерін қамтитын композиттік индекс зейнетақы активтерін инвестициялауға арналған қаржы құралдарының тізбесін кеңейтуді көздейді. Инвестициялық портфельді басқарушылар осы индексдерге кіретін облигацияларды, акцияларды, мемлекеттік бағалы қағаздарды, сондай-ақ осы жаһандық индексдерге ETF сатып алу мүмкіндігіне ие болады.

Жаһандық индексдерге кіретін құралдардың валютасын ескере отырып, зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің валюталық құрамдас бөлігіне лимитті ұлғайту жоспарлануда.

Сондай-ақ, активтерінің құрылымы MSCI ACWI Investable Market Index (MXWDIM Index) немесе Bloomberg Global-Aggregate Total Return Index Value Hedged USD (LEGATRUN Index) немесе пайлары бойынша баға белгілеу осы индексдерге байланысты құрылымын қайталайтын Exchange Traded Funds (Эксчейндж Трэдэд Фандс) пайлары бөлігінде бір-біріне қатысты үлестес тұлғалар шығарған қаржы құралдарына зейнетақы активтерін инвестициялау лимитін қайта қарау жоспарлануда.

2.3 Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар бойынша ағымдағы қадағалау құралдарын жетілдіру

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың тәуекелдерін бағалау жүйесі (RASS)

2024 жылы сандық және сапалық көрсеткіштерді талдау негізінде бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың тәуекелдерін кешенді бағалауды және кәсіби қатысушылардың қадағалау қарқындылығын (стандартты, орташа қарқынды және қарқынды) анықтауды қамтамасыз ететін RASS қадағалау моделі іс-қимылды қадағалау бойынша сандық және сапалық көрсеткіштермен толықтырылды. Қадағалау қызметін цифрландыру шеңберінде деректерді жинау және RASS қадағалап бағалау процестері автоматтандырылды.

2024 жылғы бағалау нәтижелері бойынша 7 кәсіби қатысушының тәуекел деңгейі жоғары, бұл қадағалаудың қарқынды режимін көздейді, 10 кәсіби қатысушының – орташа тәуекел деңгейі және тиісінше орташа қарқынды қадағалау режимі, 6 кәсіби қатысушының-стандартты қадағалау режимін айқындайтын тәуекелдің төмен деңгейі. 2023 жылмен салыстырғанда тәуекел деңгейі жоғары бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар санының олардың жүйелік маңыздылығының төмендеуіне байланысты 30%-ға (үш қатысушы) төмендеуі байқалады.

Қадағалап стресс-тестілеу

Қолайсыз экономикалық сценарийлердің бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың қаржылық жағдайына ықтимал әсерін жыл сайынғы бағалау шеңберінде Агенттік 2024 жылы сценарий және нарықтық баға қадағалап стресс-тестілеуін өткізді:

Сценарийлік стресс-тестілеу бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың бағалы қағаздар портфелінің ағымдағы құрылымын талдау негізінде анықталған екі сценарий бойынша жүргізілді. Базалық сценарийде базалық мөлшерлеменің 1 п.т. төмендеуін және теңгенің АҚШ долларына бағамының 5 %-ға әлсіреуін көздейді. Стрестік сценарий базалық мөлшерлеменің 2 п.т. артуын және теңгенің АҚШ долларына бағамының 1%-ға нығаюын көздейді.

Базалық сценарий кезінде қатысушылардың көпшілігінің портфельдері кірістің төмендеуіне байланысты оң нәтиже көрсетеді. Алайда стресстік сценарий ұзақтығы жоғары дюрациялы ірі портфельдер нарықтық тәуекелдерге барынша осал болатынын көрсетіп отыр, бұл тәуекелдерді басқарудың қосымша шараларын (мысалы, әртараптандыру және хеджирлеу) қажет етеді.

Нарықтық бағалық стресс-тестілеу БҚНҚҚ бағалы қағаздар портфелінің нарықтық тәуекелін бағалау бойынша VaR әдістемесі (бұдан әрі – VaR әдістемесі)⁴ бойынша жүргізілді. Бұл Әдістеме қаржы құралдарының нарықтық айнымалыларының тарихи деректерін талдайтын Risk Metrics MSCI⁵ аналитикалық тәуекел жүйесінің әдістемесіне негізделген. Бұл ретте барлық есептеулер KASE және Bloomberg деректерін пайдалана отырып Excel- де жүзеге асырылды.

VaR әдістемесі бойынша БҚНҚҚ портфелінің нарықтық тәуекелін 99% сенімділік деңгейімен бағалау портфельдің жалпы көлемінің 5,8%-ды құрайды. VaR көрсеткішінің орташа мәні 5,4%-ға, ал орташа мәні 5,7%-ға тең келеді, бұл тәуекелдердің салыстырмалы симметриялы таралуын көрсетеді. VaR-дан асатын экстремалды нарықтық жағдайлардағы шығындардың ықтимал мөлшерін көрсететін шартты VaR 7,8%-ды құрайды.

⁴ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Төрағасы орынбасарының 2020 жылғы 30 шілдедегі № 302 бұйрығымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ның қызметін, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бағалы қағаздар нарығы департаментінің эмиссиялық бағалы қағаздар эмитенттерінің мониторингін бақылау мен қадағалаудың ішкі рәсімдері жөніндегі регламент

⁵ <https://www.msci.com/documents/10199/5915b101-4206-4ba0-aee2-3449d5c7e95a>

Сценарийлік және нарықтық бағалық стресс-тестілеу нәтижелері бағалы қағаздар нарығының барлық кәсіби қатысушыларының тәуекелдерді өтеу үшін жеткілікті капитал қоры бар екенін және стресстік сценарий кезінде пруденциялық нормативтерді орындайтынын көрсетті. Бұл жағымсыз нарықтық факторлар жағдайында бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың жеткілікті қаржылық орнықтылығын растайды.

Есептілік нысандарын жетілдіру

Қаржылық және реттеушілік есептілік бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар қызметінің ашықтығын, олардың бақылауында және қадағалауында болуын, сондай-ақ уәкілетті органның қаржы нарығының тұрақтылығын бұзудың ықтимал тәуекелдеріне уақтылы ден қоюын қамтамасыз ететін негізгі қадағалау құралдарының бірі болып табылады.

Бұл ретте бағалы қағаздар нарығын, оның ішінде технологиялық процестерді дамыту оның толықтығын, дәйектілігін және уақтылығын одан әрі қамтамасыз ету мақсатында бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың есептілік нысандарын үнемі қайта қарауды талап етеді. Осы жұмыс шеңберінде Агенттік 2024 жылы бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың реттеушілік есептілігін оңтайландыруды жүргізді. 2025 жылы есептілікті ұсыну мерзімдерін қайта қарауды, әртүрлі оқылымдарды алып тастауды және өзге де түзетулерді көздейтін есептілік нысандарын регламенттейтін нормативтік құқықтық құжатқа түзетулер әзірленіп, қабылдануы жоспарланған.

Алгоритмдік сауда

Бағалы қағаздар нарығындағы технологиялық процестерді жетілдіру қаржы құралдарының алгоритмдік саудасының дамуына алып келді, бұл өз кезегінде нарықтың тұрақтылығына белгілі бір тәуекелдер туғызды. Сонымен, алгоритмдік сауданың бір түрі қысқа уақыт ішінде көптеген өтінімдер жасалып, өңделетін жоғары жиілікті сауда болып табылады. Бұл ретте өтінімдердің үлкен көлемі құралдардың нарықтық бағасына әсер етуі мүмкін, ал алгоритмнің жұмысындағы ықтимал іркіліс жалпы биржа бойынша саудасаттық барысын бұзу тәуекелдерін тудырады.

Нарық қатысушыларының да, олардың клиенттерінің де алгоритмдік сауданы пайдалануының өсіп келе жатқан үрдісін ескере отырып, Агенттік алгоритмдік сауданы реттеудің халықаралық тәжірибесін зерттеді. Осы жұмыстың нәтижелері бойынша Агенттік қадағалау құралдарын жетілдіру шеңберінде алгоритмдік сауданы пайдалану бойынша ақпаратты жария ету бойынша бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар үшін 2025 жылы енгізуге жоспарланатын есептік нысандарды әзірледі. Бұдан басқа, тұрақты сауда процестерін қамтамасыз ету мақсатында Агенттік KASE-ге жоғары жиілікті және алгоритмдік сауданы пайдаланушыларды авторизациялау, есепке алу және бақылау тәртібін регламенттейтін ішкі құжаттарды әзірлеу мүмкіндігін қарауды ұсынды.

2.4 Бағалы қағаздар нарығында қолданыстағы заңнаманы оңтайландыру: бағалы қағаздар нарығында уәжді пайымдауды қолдану мәселелерін кеңейту

Бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамытудың маңызды элементі уәжді пайымдау болып табылады. Халықаралық тәжірибе тәуекелге бағдарланған қадағалау ережелердің бұзылуын анықтауға ғана сүйенбейді, сондай-ақ белгіленген ережелермен толық жойылмайтын тәуекелдерді бағалауда икемділікті қамтамасыз ететін уәжді пайымдауды қолдануды, сондай-ақ осы тәуекелдерге тепе-тең және әрбір жағдай мен қатысушының ерекшеліктерін ескере отырып шешім қабылдауды біріктіретінін көрсетіп отыр.

Тұтастай алғанда, Агенттік, сондай-ақ Еуропалық бағалы қағаздар және нарықтар жөніндегі басқарма (ESMA) және Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссия (SEC) уәжді пайымдауды қолданудың негізгі бағыттары қадағалау және құқық қолдану, қаржылық инновацияларды реттеу, нарықтың ахуалын бағалау болып табылады. Бұл ретте, аталған салалардың жекелеген бағыттары бойынша заңнамада Агенттіктің уәжді пайымдауды қолдануы көзделмеген. Атап айтқанда, уәжді пайымдау адамдардың белгілі бір әрекеттерінің нарықтағы айла-шарғы өлшемшарттарына сәйкестігін анықтауда қолданылады, бірақ бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында адамдардың байланысын анықтау реттелмеген. Бұл ретте тәжірибе мұндай регламенттеудің қажеттілігін көрсетіп отыр.

Осыған байланысты Агенттік уәжді пайымдауды қолдана отырып, бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында адамдардың байланысын анықтауды регламенттеу жөніндегі жұмысты бастады.

2.5 Бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымын дамыту

Елдердің қор нарықтарының әлеуетін біріктіру

2024 жылы Агенттік Қазақстанның жергілікті қор нарығының инфрақұрылымын жаһандық капитал нарықтарының экожүйесіне одан әрі интеграциялау бойынша жұмысты жалғастырды. Қазіргі таңда «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) Euroclear Bank, Clearstream Banking, Bank of New York Mellon қоса алғанда, жетекші жаһандық депозитарийлермен және кастодиандармен, сондай-ақ шетелдік есеп айырысу ұйымдарымен, олардың ішінде Ресей Федерациясының, Арменияның, Беларусьтің, Қырғыз Республикасы орталық депозитарийлерімен және т.б. корреспонденттік және депозитараралық байланыстар орнатты.

Агенттік заңнамалық деңгейде Орталық депозитарийде шот операторының институтын енгізу арқылы халықаралық есепке алу ұйымдарының тікелей шоттарын ашу үшін жағдайлар жасады. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына түзетулер кастодиан-банктерге Орталық депозитарийде делдал болуға және есеп айырысу ұйымдарының шоттарын

басқаруға құқық беруді регламенттейді. Сондай-ақ, Агенттік шот операторы басқаратын шетелдік депоненттердің шоттары бойынша операцияларды жүргізу тәртібін айқындады. Аталған шаралар жаһандық кастодиандарға Қазақстанның қаржы нарығына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

KASE «Tabadul Hub» цифрлық биржа хабына қосылды. Бұл Қазақстан инвесторларының хаб қатысушыларының нарығына, ал шетелдік инвесторлардың Қазақстан нарығына тікелей (шетел контрагентінің қатысуынсыз) кіру мүмкіндіктерін кеңейтті.

Сауда-клиринг жүйесін жаңғырту

2024 жылы сауда-клиринг жүйелерін толық жаңғырту жүргізілді. Клиринг пен орталық контрагенттің функциялары жеке ұйым – капиталы шамамен 19 млн АҚШ долларын құрайтын KASE клирингтік орталығына бөлінді, бұл орталық контрагенттің қызметтерін тек KASE құралдары арқылы ғана емес, сондай-ақ басқа да биржалық және биржадан тыс нарықтардың құралдары арқылы да көрсетуге мүмкіндік береді. 2024 жылы Британияның Thomas Murray рейтингтік агенттігі Клирингтік орталыққа А+ рейтингін берді. Мұндай бағаға әлемдегі үздік 30 орталық контрагент ие.

Орталық депозитарийдегі шетелдік есепке алу ұйымдарының шоттарындағы Қазақстанның бағалы қағаздарына меншік құқығын растау

Агенттік ең үздік халықаралық тәжірибені ескере отырып, Орталық депозитарийдегі шетелдік есепке алу ұйымдарының шоттарындағы қаржы құралдарын және оларға құқықтардың өтуін есепке алу тәртібі жөніндегі мәселе пысықтап, ұсыныстар әзірледі. Олар қабылданғаннан кейін Euroclear және Clearstream сияқты жетекші халықаралық есеп айырысу ұйымдарына клиенттердің олардың номиналды ұстау жүйесіндегі клиенттердің қазақстандық бағалы қағаздарына меншік құқығын растау мүмкіндігі берілетін болады.

2.6 Бағалы қағаздар нарығын дамыту

Токенделген бағалы қағаздар нарығы

2024 жылы Агенттік Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен KASE-мен бірлесіп, токенделген бағалы қағаздарды қоса алғанда цифрлық активтерді шығару және айналысқа жіберу үшін құқықтық база тұжырымдамасын пысықтады. Аталған жұмысқа криптоактивтер мен цифрлық қаржы құралдарына қызығушылықтың жаһандық тұрғыдан өсуіне байланысты, сондай-ақ дәстүрлі қор және тауар биржалары криптовалюталардың негізінде цифрлық активтер мен туынды қаржы құралдарын жиі енгізіп отырған әлемдік үрдістерді ескере отырып бастамашылық жасалды.

Сондай-ақ, Агенттік Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен, KASE-мен, «Астана» халықаралық қаржы орталығымен және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, токенделген бағалы қағаздарды қоса алғанда цифрлық активтерді шығару, айналысқан жіберу және реттеуге жағдайлар жасауға, сондай-ақ Қазақстанның қаржы нарығында оларды

пайдаланудың қауіпсіздігі мен айқындылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нормативтік-құқықтық база әзірлеу жұмысын бастады.

Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы заңнаманы жетілдіру

2024 жылы ұжымдық инвестициялар нарығын дамыту мақсатында Агенттік ең үздік халықаралық тәжірибені ескере отырып, ұжымдық инвестициялар нарығын реттеуді ырықтандыруға, бөлшек инвесторлардың инвестициялық мүмкіндіктерін арттыруға, ұжымдық инвестициялар нарығындағы тәуекелдерді барынша азайтуға және оның ашықтығын арттыруға бағытталған «Инвестициялық қорлар туралы» Заң жобасын әзірледі.

Капитал тарту көздерін кеңейту мақсатында заң жобасында жауапкершілігі шектеулі серіктестік пен жай серіктестікті қоса алғанда, кез келген ұйымдық-құқықтық нысанда қорлар құру мүмкіндігі көзделеді.

Бұдан басқа, инвестордың біліктілігіне байланысты қорлардың жаңа сыныптамасы белгіленді. Қорлар екі санатқа бөлінеді, олар – ұжымдық инвестициялау қорлары және баламалы инвестициялау қорлары. Ұжымдық инвестициялау қорларының активтеріне қолжетімділік білікті және біліктілігі жоқ инвесторларға қамтамасыз етіледі, өйткені олар өтімділігі жоғары және тәуекелі төмен құралдарға орналастырылатын болады. Өз кезегінде, баламалы инвестициялау қорлары білікті инвесторлардың барынша тәуекелді басқару стратегиясы байланысты тек соларға ғана қолжетімді болады. Бұл біліктілігі жоқ инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін тиісті түрде қорғауды қамтамасыз етеді және білікті инвесторлардың инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Баламалы инвестициялау қорларына қатысты ашықтықты арттыру үшін уәкілетті органда есептік тіркеу және ақпаратты жария ету жөніндегі талаптар да көзделген.

Эндаумент-қорлар

2024 жылы Агенттік институционалдық инвесторлардың жаңа класы – эндаумент-қорлар құру көзделген «Мақсатты капитал қорлары (эндаумент-қорлар) туралы» Қазақстан Республикасының Заңын әзірлеуге және талқылауға белсенді түрде қатысты. Заң жобасы бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларға эндаумент-қорлардың активтерін басқару құқығын беруді көздейді. Осы заңды іске асыру үшін Агенттік эндаумент-қорлардың активтерін басқару және әртараптандыру тәртібін, қаржы құралдарының тізбесін және олардың активтерін инвестициялау лимиттерін әзірледі.

Бұл эндаумент-қорлардың жұмыс істеуі үшін айқын және орнықты құқықтық негіз құруға мүмкіндік береді, ол бағалы қағаздар нарығында ұсыныстарды кеңейтуге және тұтастай қор нарығының өтімділігін арттыруға көмектеседі.

Ұлттық кредиттік рейтингтік агенттіктер

Қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру мақсатында Агенттік 2024 жылы «Кредиттік рейтингтік агенттіктер туралы» Заң жобасын әзірледі. Заң жобасы рейтингтік қызметтердің жергілікті

нарығын дамыту үшін жағдайлар жасауға, рейтинг берілетін адамдар мен кредиттік рейтингтерді пайдаланушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ капитал нарығы мен оның инфрақұрылымын одан әрі дамыту үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыруға бағытталған.

Заң жобасының шеңберінде мүдделер қақтығысын басқару, ақпаратты жария ету және корпоративтік басқару тәртібін қоса алғанда, рейтингтік агенттіктер жұмысының негізгі қағидаттары регламенттелген. Бұдан басқа, заң жобасы жергілікті рейтингтік агенттіктерге қойылатын талаптарды, ақпаратты жария ету және конфиденциалды деректермен жұмыс істеу жөніндегі талаптарды көздейді.

Аталған заңнамалық бастамаларды іске асыру кредиттік тәуекелдерді тәуелсіз бағалау саласында жеке құзыреттіліктер орталығын құруға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде экономиканың нақты секторын қаржыландыруды кеңейтеді және нарықты сапалы, объективті және қолжетімді рейтингтік қызметтермен қамтамасыз етеді.

Бағалы қағаздар нарығында IOSCO қағидаттары бойынша өзін-өзі бағалау нәтижелері

2024 жылы Агенттік Қазақстан Республикасы ұлттық заңнамасының Халықаралық бағалы қағаздар жөніндегі комиссия ұйымының (IOSCO) Бағалы қағаздар нарығын реттеу қағидаттарына сәйкестігін бағалау жұмыстарын жүргізді. Өзін өзі бағалау қағидаттарды түсіндіруді және оларды ұлттық реттеу жүйелеріне енгізу бойынша ұсынымдарды қамтитын IOSCO Мақсаттары мен Қағидаттарын іске асыруды бағалау әдіснамасына негізделген.

«Бағалы қағаздарды реттеу Мақсаттары мен Қағидаттары» IOSCO құжатында ұсынылған реттеу қағидаттары негізгі үш мақсатқа: инвесторларды қорғауға, нарықтардың әділдігін, тиімділігін және ашықтығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ жүйелі тәуекелдерді төмендетуге жетуге бағытталған 38 маңызды қағидаттарды қамтиды.

Өзін өз бағалау нәтижелері бойынша Қазақстан толығымен 28 қағидатты іске асырды, 8 қағидат кеңінен іске асырылды және 2 қағидат пысықтауды қажет етеді. Пысықтауды қажет ететін қағидаттар кредиттік рейтингтік агенттіктерді қадағалаудың жоқтығына (қазіргі уақытта кредиттік рейтингтік агенттіктер туралы заң жобасы әзірленіп жатыр) және хедж-қорларды реттеудің жоқтығына (хедж-қорларды қоса алғанда, инвестициялық қорларды реттеу үшін жаңа құқықтық базаны енгізу жұмысы жүргізілуде) қатысты.

Осылайша, қазіргі уақытта IOSCO қағидаттарының басым көпшілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына интеграцияланған, бұл ретте кредиттік рейтингтік агенттіктерді қадағалау және хедж-қорларды реттеу саласындағы заңнамалық базаны одан әрі жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілуде.

2.7 Халықаралық ынтымақтастық

2024 жылы халықаралық ынтымақтастықты күшейту шеңберінде Агенттік төмендегілермен ынтымақтастық орнатуға ниет білдірді:

1) Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің қауымдастығымен – Азия Даму Банкіне ACEAN+3 (ASEAN+3 Bond Market Forum) Облигациялар нарығының форумына бақылаушы ретінде қосылу ниеті туралы хат жолдады;

1) European Securities and Markets Authority (ESMA) және Financial Stability Board (FSB).

ESMA Еуропалық Одақ стандарттарына сәйкестігін бағалау мақсатында Қазақстан Республикасының нормативтік базасын зерделеуге қызығушылық танытты. Осыған байланысты, Агенттік KASE-мен бірлесіп Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасын ESMA стандарттарына сәйкес келтіру бойынша жұмысты бастады.

3 2025 ЖЫЛЫ БАСЫМ ҚАДАҒАЛАУ ҚҰРАЛДАРЫН ДАМУ

3.1 Бағалы қағаздар нарығындағы қадағалау

2025 жылы Агенттік бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларын тәуекелге бағдарланған қадағалауды жалғастырады. Бұл бағыт бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына жыл сайынғы стресс-тестілеуді өткізуді, Risk Assessment and Supervision System (RASS) әдістемесі негізінде нарықтың кәсіби қатысушыларының тәуекелдерін бағалауды және олардың қадағалау зейінінің деңгейін айқындау үшін саралауды, сондай-ақ 2025 жылы тексеруге жататын субъектілердің тізбесін дайындауды көздейді.

Бұдан басқа, Орталық депозитарийге қатысты проактивті қадағалауды жүзеге асыру шеңберінде операциялық тәуекелдердің мониторингі жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

3.2 Бағалы қағаздар нарығы туралы қолданыстағы заңнаманы оңтайландыру

2025 жылы Агенттік қолданыстағы заңнаманы оңтайландыру бойынша жұмысты жалғастырады. Нарық қатысушыларымен бірлесіп, орталық контрагентті қоса алғанда, нарыққа кәсіби қатысушылардың тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін арттыру бойынша мәселелер зерделенетін және ұсыныстар әзірленетін болады. Кәсіби қатысушылардың ақпараттық қауіпсіздігі, оның ішінде электрондық қызметтерді ұсыну шеңберінде дербес деректердің сақталуы бойынша талаптарды күшейту жоспарлануда.

3.3 Бағалы қағаздар нарығын дамыту

2025 жылы заңнамалық бастамалар шеңберінде Агенттік цифрлық активтер нарығын дамыту, институционалдық инвесторлардың жаңа класын - эндаумент-қорларды және кредиттік тәуекелдерді тәуелсіз бағалау саласындағы құзыреттердің жергілікті орталықтарын қалыптастыру үшін құқықтық база құратын болады. Заңнамалық деңгейде инвестициялық қорлардың инвестициялық мүмкіндіктері кеңейтіліп, инвестициялаудың жаңа нысандары құрылатын болады.

Жеке сектордың жаңа компанияларының қор нарығына шығуын ынталандыру және оларды шетелдік нарықтарда қатар сату кезінде бағалы қағаздарды ішкі орналастыру үлесін ұлғайту жөніндегі шаралар әзірленетін болады. Шетелдік инвесторларды тарту шеңберінде қазақстандық облигациялар нарығы бойынша жолдама дайындалады.

Сондай-ақ, ESMA еуропалық реттеушісінің стандарттары негізінде «Клирингтік қызмет туралы» заң жобасы әзірленетін болады.

3.4 Нарық инфрақұрылымын дамыту

2025 жылы Орталық Азия мен ЕАЭО өңірлік нарығы үшін хаб ретінде Қазақстанның бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымын қалыптастыру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады. Осы бағыт бойынша Клирингтік орталықты Орталық Азия елдері үшін есептік-клирингтік құрылым ретінде және Орталық депозитарийді Орталық Азия елдері мен ЕАЭО үшін жаһандық кастодиан ретінде қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Сондай-ақ, осы қызметтерді ұсынатын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларын қолдау шараларын әзірлеу арқылы маркет-мейкер және андеррайтер қызметтерін кеңейту бойынша шаралар әзірленетін болады.

3.5 Цифрландыру

2025 жылы бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларды қадағалау рәсімдерін автоматтандыру жалғастырылатын болады. Шетелдік брокерлік ұйымдардың базасы цифрландырылатын болады.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің «Толық ауқымды жобаға арналған деректер қоймасы» ААКЖ дамыту жөніндегі жобасы шеңберінде есептілік деректерінің витриналарының жұмыс істеуі арқылы KASE және БЖЗҚ есептілігін цифрландыру жүзеге асырылатын болады.